

Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгер Қамаш Бекмұхамбетовтің сүйегі елге оралды. Ол күні бүгінге дейін із-түзсіз жоғалғандар қатарында болған еді. Ресейдің Калининград облысындағы жастардың өңірлік патриоттық-қоғамдық қозғалысы еңбегінің арқасында жауынгерлік наградалары табылып, сол арқылы сүйектің Қамаш Бекмұхамбетовтікі екені анықталды. Осылайша, атамыздың төні 72 жыл өткенде туған жер қойнына тапсырылды.



Жауынгер елінде жерленді



1945 жылдың наурызында Қ.Бекмұхамбетов қазіргі Калининград, сол кездегі Кенигсберг аумағында Шығыс Пруссия операциясына қатысады. Жаумен жан аямай арпалысқан майдангер 20 наурызда, жеңіске бар болғаны бір айдай уақыт қалғанда, оққа ұшады. Жауынгердің жасы 27-де еді.

Боздақтың мәйітін іздестіру тобының өкілдері туған-туыстарына табыстады. Отан үшін от кешкен жауынгерге туған жері – Ерейментау ауданының Өлеңті ауылынан топырақ бұйырды. 25 маусым – мұсылмандар үшін қасиетті Ораза айт мерекесі күні Қамаш Бекмұхамбетовтің мүрдесі ата қонысында өз анасының жанына жерленді.

Жерлеу шарасында боздаққа тиісті жауынгерлік құрмет көрсетілді.

22 маусымда Ресейдің Калининград облысындағы Баг-

ратионов қаласының Даңқ мемориалында Қамаш атаның мәйітін еліне табыстау митингісі бірге өтті.

Митингіге жауынгердің туыстарымен бірге, Ресей Федерациясындағы Қазақстан Елшілігінің екінші хатшысы Әнел Сейдуманова да қатысты.

Сонымен қатар, жерлеу рәсіміне Екібастұз қаласы әкімдігінің өкілі Нұрлан Байбөкіров пен Екібастұз қалалық «Нұр Отан» партиясы ЕБ-нің өкілі Жәстілек Тілеулес атсалысты.

Рамазан айында осындай игі іске қол ұшын созып, қаржылай көмек көрсеткен Екібастұз қаласының әкімі Қайрат Нүкеновке, қалалық «Нұр Отан» партиясы ЕБ төрағасының бірінші орынбасары С.Гладышеваға және барлық ұжымға алғысымыз шексіз!

Мұсылманбек Бекмұхамбетов
Суреттер автордікі